


ЖШС «Жаркын шаар» бөбөкжай балабакшасы

Билеп үйрөнөміз

Вариативтік компонент
«Карлығаш» ересек топ



2019-2020 оқу жылы



«Жарқын шақ» бөбекжай балабақшасы
ЖІПС - тәрбиеші
Ж.Кунбаева

«Қарлығаш» ересек топ
Вариативтік компонент «Билеп үйренеміз»
2019-2020 жыл

	Тақырыбы	Сағаты	Мерзімі
1	Қолдың, аяқтың қалыптары	4	Қыркүйек 2019 5, 12, 19, 26.
2	Композиция «Менің елім»	4	Қазан 3,11, 24, 31. 10.2019ж
3	Композиция «Жануарлар әлемі»	4	Қараша 7,14,21,28.
4	«Жаңа жыл ойыншықтары» биі	4	Желтоқсан 5,12,19,26
5	«Қазақ халық билерінің тәрбиелік мәні» эстрадалық биі	4	Қаңтар 9,16,23,30
6	Музыкалық- дидактикалық ойындар. «Өз түсінді тап», «Әнші бала», «Тайтұяқ пен асатұяқ», «Көленке».	4	Ақпан 6,13,20,27
7	«Айгөлек» биі	4	Наурыз 5,12,19,26
8	«Гүлдер үндестігі»	4	Сәуір 2,9,16,23,30
9	«Өзбек» халық биі	4	Мамыр 30.04, 14,21,28.05
	Барлығы	36 сағат	

Мерзімі: Қыркүйек.

Күні: 5,12,19,26.09.2019ж

Білім саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Билеп үйренеміз

Тақырыбы: «Қолдың, аяқтың калыптары».

Мақсаты: Денені тік ұстауды калыптастыру, иілгіштік пен айналымдарды дамыту, екі және бір аяқта тепе-теңдікті сақтау, әртүрлі қозғалыста қол мен аяқтың жұмысын байланыстыра білуге үйрету.

Іс-әрекет кезеңдері	Жетекшінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Ой қозғаушы</p> <p>Ұйымдастырушы іс-әрекет</p>	<p>Залға кіру, тәжімет жасау. 3 қатарға сапқа тұру. Қол, аяқ калыптарына жаттығу.</p> <p>Аяқ калыптары:</p> <p>Бес ашық: I, II, III, IV, V</p> <p>I калып-аяқтың өкшелерін бір-біріне қосып, аяқтың басын екі жаққа бұра, бір түзудің бойымен орналастырады.</p> <p>II калып-екі аяқтың арасын бір табан алшақтатып, аяқтың басын екі жаққа бұра, бір түзудің бойымен орналастырады.</p> <p>III калып-бірінші аяқтың табан ортасына екінші аяқтың өкшесін қиғаштай /емесе бұрыштай/ қойып, аяқтың басын бұрып орналастырады /оңға жұмыс жасаған кезде оң аяқ, солға жасаған кезде сол аяқ орналастырылады/</p> <p>IV калып-бірінші аяқ екіншісінен бір табан қашықтықта, аяқ ұштары екі жаққа қаратыла орналастырылады. Алда тұрған аяқтың ұшы екінші аяқтың өкше тұсына қарсы орналасады./оңға жұмыс жасаған кезде оң аяқ, солға жасаған кезде сол аяқ орналастырылады/</p> <p>V калып-екі аяқтың ұшы бір түзудің бойына екі жаққа қаратыла орналасады.</p> <p>Қол калыптары:</p> <p>I калып-екі қолды алға созып, шынтақты көтере дөңгелендіріп, кеуде тұсына ұстау</p> <p>II калып-екі алақанды жоғары қарата, қолды жанға соза ұстау.</p> <p>III калып-екі қолды шынтақ тұсынан дөңгелендіріп, жоғары көтеріп ұстау.</p> <p>IV калып-қолы шынтақ тұсынан бүгіп, белден ұстайды /бас бармағы артта, қалған төрт саусақ бел алдында бірге болады/</p> <p>V калып-екі қолды айкастырып, шынтақты</p>	<p>Балалар жаттығулар орындайды.</p>

	<p>кеуде тұсынан сәл жоғары көтеріп, қолдың саусағын біріктіріп иық тұсынан төмен орналастыра білектен ұстау.</p> <p>ҮІ қалып- екі қолдың шынтағын екі жаққа бұрып саусақты желке тұсына орналастыру.</p> <p>ҮІІ қалып- екі қолдың шынтағын екі жаққа бұрып, белге орналастыру.</p>	
Жетекші жөндеуші	Іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес қорытынды сұрақтар қою, сабаққа белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Балалар денені тік ұстауды, иілгіштік пен айналымдарды, екі және бір аяқта тепе-теңдікті сақтауды, әртүрлі қозғалыста қол мен аяқтың жұмысын байланыстарды білуі қажет.

Қалыптасқан түсінік: Балалар дене қимылдарын еркін қолданады.

Шекесовіңіз
Әзіреткер Мәжір

Мерзімі: Қазан

Күні: 3,11,24,31.10.2019ж

Білім саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Билеп үйренеміз

Тақырыбы: «Менің елім» композиция.

Мақсаты: Баланың би қимылдары арқылы дене бітімін жетілдіру, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, отансүйгіштік сезімін ояту.

Іс-әрекет кезеңдері	Жетекшінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Ой қозғаушы</p> <p>Ұйымдастырушы іс-әрекет</p>	<p>Залға кіру, тәжімет жасау. 3 қатарға сапқа тұру. Қол, аяқ қалыптарына жаттығу.</p> <p>Жетекші: балалар, бүгін біз «Менің елім» композициясының би қозғалыстарын үйренеміз. Үйрен -бес бұрын, еліміз жайын да әңгімелесейік.</p> <p>- - - Біз қай елде тұрамыз?</p> <p>- Еліміздің елордасы қай қала?</p> <p>-Біздің ауылымыздың көрікті орындарын атаңдаршы?</p> <p>II. Бұлшық еттерін ширатуға арналған жаттығулар. Шеңбер бойымен адымдап II жанға және тізені бүгіп, аяқтың ұшымен секіру, жан-жаққа иілу т.б./</p> <p>III. Негізгі бөлім.</p> <p>Балалардың қолдарында әртүрлі түсті гүлдер, ленталар, жалаулар.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Марш қозғалысы бір орында, нүкте бойынша, қол алдыда, бүгулі; аяқты бүгу арқылы оңға, солға кеуде бұрылады, қол III қалыпта; марш қимылымен шеңбер бойлап жүру, қолды II қалыптан III қалыпқа көтеру және III қалыптан II қалыпқа түсіру; /сермеу/ он жақ тізеге тізерлеп отыру, қол III қалыпта, сермеу;</p> <p>Жетекші: балалар әуен ырғағымен осы қимылдарды бірнеше рет қайталап, билейік.</p> <p>Қорытынды:</p> <p>Балалар, осы сабақта үйренген би ұнады ма?</p> <p>Мен сендердің осы би мен ән арқылы Отанға деген сүйіспеншіліктеріңді артты деп ойлаймын.</p>	<p>Балалар жаттығулар орындайды.</p> <p>Балалардың жауаптары.</p>

	Қоштасу, тәжімет жасау. «Менің елім» әуенімен балалар маршпен залдан шығады.	
Жетекші жөндеуші	Іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес қорытынды сұрақтар қою, сабаққа белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

- Білуі қажет: Балалар дене қимылдары арқылы еліне деген сүйіспеншілігін, отансүйгіштік сезімдерін жеткізулері қажет.
- Қалыптасқан түсінік: Балалар дене қимылдарын еркін қолданады.

Мерзімі: Қараша

Күні: 7,14,21,28.11.2019

Білім саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Билеп үйренеміз

Тақырыбы: «Жануарлар әлемі» композиция.

Мақсаты: Балаларды би өнеріне еліктіру, жануарлардың қимылдарын үйлесімді орындай білуге үйрету, кейіптенуге, еркіндікке баулу, жануарларға қамқорлық сезіммен қарауға тәрбиелеу.

Іс-әрекет кезеңдері	Жетекшінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ой қозғаушы	Тәжімет. 3 қатарға сапқа тұру. Қол, аяқ қалыптарына жаттығу.	Балалар жаттығулар орындайды.
Ұйымдастырушы іс-әрекет	<p>Жетекші: Балалар, сендер орман жануарларын білесіңдер ме? Ал, ендеше біз өзімізді орманда жүргендей елестетейікші. /аудио таспадан орман дыбыстары /құстардың, жануарлардың/ тың -далады/. Балалар, естіген дыбыс -тарға сәйкес қандай жануарлар -дың, құстардың қимылдарын көрсете алар едіңдер.</p> <p>II. Негізгі қимылдар: Құстар қимылы-аяқтың ұшымен жүру, қолды III қалыптан бастапқы қалыпқа түсіру, екі қолмен қанат қағу қимылын жасау. Оң қолымен және сол қолымен кезек-кезек сермеу. Аяқ екі қолды алға созып, шынтақты көтере дөңгелендіріп, кеуде тұсына ұстау қалыпта, қолдың қимылына байланысты оңға және солға аяқты сәл бұғу.</p> <p>Қоян қимылы-тізені бүгіп бір орында оң және сол аяқпен кезек-кезек секіру. Екі қолды алға созып, шынтақты көтере дөңгелендіріп, кеуде тұсына ұстау. Екі аяқпен серпілу, қол I қалыпта. Түлкі қимылы-аяқты кезек-кезек жан-жаққа мағысып көтеру, қол I қалыпта, аяқты айқастыра жүру, дене аяқпен бірге қозғалады. Аю қимылы- қол II қалыпта, саусақтарының арасы ашық, бір жақтан екінші жаққа теңселіп маймандап жүру. Аяқ өкшеде екі қол III қалыпта саусақтарының арасы ашық / оң және сол аяқпен кезектесіп жасалады/.</p> <p>Жетекші: балалар, көрсеткен қимылдар арқылы көңілімізді көтеріп, жануарлар әлемі биін орындап үйренейік.</p> <p>Қорытынды: Балалар, сендерге сабақ ұнады ма?</p>	Балалардың жауаптары

	Жануарлар мен құстардың ки -мылдарын жасап билеген жақсы ма? Келесі сабақта осы қимылдарды бекітіп, биді толық орындай -мыз. Қоштасу, тәжімет жасау.	Ұнады. Жақсы.
Жетекші жөндеуші	Іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес қорытынды сұрақтар қою, сабаққа белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Би қимылдарын үйлесімді орындайды, кейіптенуге, еркіндікке, жануарларға қамқорлық сезіммен қарауға үйренеді.

Қалыптасқан түсінік: Балалар дене қимылдарын еркін қолданады.

Жетекші жөндеуші
Әріпкер М.С.В.

Мерзімі: Желтоқсан 5,12,19,26

Білім саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Билеп үйренеміз

Тақырыбы: «Жаңа жыл ойыншықтары».

Максаты: Жаңа жыл ойыншықтарын балалардың есіне түсіру, мереке туралы әңгімелесу, қызықты және көңілді би қимылдарын үйрету.

Іс-әрекет кезеңдері	Жетекшінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Ой қозғаушы</p> <p>Ұйымдастырушы іс-әрекет</p>	<p>Тәжімет. 3 қатарға сапқа тұру. Қол, аяқ қалыптарына жаттығу.</p> <p>Жетекші: балалар, бүгін біз ерекше сабақ өткіземіз, өйткені біз алды мызда келе жатқан жаңа жыл мерекесін қарсы алуға дайындаламыз. Балалар, жаңа жылда бізге қонаққа кім келеді?</p> <ul style="list-style-type: none">• Дұрыс, Аяз ата мен Ақшақар.• Аяз ата мен Ақшақар бізге не әкеледі? <p>Біз де осы қонақтарымызға көңілді, қызықты сыйлық дайындап қояйық. Сендермен «Жаңа жыл ойыншықтары» атты би үйренейік.</p> <p>Жетекші: балалар, биді үйренбес бұрын қолға, аяққа, денеге ырғақты жаттығулар жасап, денемізді дайын -дап алайық.</p> <p>Негізгі бөлім:</p> <p>Аяқ ІІ қалыпта тізені жоғары көтеріп жүру, қол ІІ қалыпта саусақтың аралары ашық, денені солға бұру.</p> <p>Аяқтың ұшымен нүкте бойынша айналу, қол ІІІ қалыпта, саусақтары ашық. Алға және артқа кезекпен жүру, қолды аяқтың қимылымен сәйкестендіріп, айналдыра қозғалту.</p> <p>Денені алға қарай еңкейту, басын оңға және солға кезекпен бұру.</p> <p>Жетекші: балалар, көрсеткен қимыл -дар арқылы көңілімізді көтеріп, жаңа жыл ойыншықтары биін орындап үйренейік.</p> <p>Қорытынды: Балалар, сендерге сабақ ұнады ма?</p> <p>Қалай ойлайсыңдар, Аяз ата мен Ақшақарға би ұнайды ма?</p> <p>Келесі сабақта осы қимылдарды бекітіп, биді толық орындаймыз.</p> <p>Қоштасу, тәжімет жасау.</p>	<p>Балалар жаттығулар орындайды.</p> <p>Балалардың жауаптары</p>
<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>Іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес қорытынды сұрақтар қою, сабаққа белсенді қатысқан</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

	Балаларды мақтау, мадақтау	
--	----------------------------	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Жана жыл кейіпкерлерін біледі.

Қалыптасқан түсінік: Балалар дене қимылдарын еркін қолданады.

Мерзімі: Қаңтар 9,16,23,30

Білім саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Билеп үйренеміз

Тақырыбы: «Қазақ халық билерінің тәрбиелік мәні».

Мақсаты: балалардың дене қимылдарын еркін қолдануын қалыптастыру, қозғалыс координациясын, бидің әртүрлі әдіс-тәсілдерін, қалыптарын бекіту, қазақ билерінің ұлттық колоритін, ерекшеліктерін, мәдениетін түсіндіру. Көрнекіліктер: Қазақ билерінің қимыл-қозғалыстарының суреттері.

Іс-әрекет кезеңдері	Жетекшінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ой қозғаушы	Тәжімет. 4 қатарға сапқа тұру. Қол, аяқ қалыптарына жаттығу.	Балалар жаттығулар орындайды.
Ұйымдастырушы іс-әрекет	Жетекші: Балалар, бүгін біз қазақ халық биінің қимылдарын үйренеміз. Әр қозғалыстың аты бар. Мысалы: «ұршық», «ат шабыс», «киік мүйіз», «қос жылан», «қошқар мүйіз». Суреттерін көрсету. Балалар, өздерің байқағандай, бұл би қимылдары халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, әдеп-ғұрпымен тығыз байланысты. Халқымыз әдемілікті, сұлу -ықты сезіп қана қоймай, оны өзі тұтынатын тұрмыстық құралдар да, қол өнер бұйымдарында да бейнелеген, сонымен қатар би қимылдарына да салған. Балалар, үлкен шеңберге тұрып би қозғалыстарын үйренейік. Қазақ -тың ұлттық ою түрлерін бейнелейтін би қимылдары: «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз», «шеңбер», «тұмарша». Қазақтың ұлттық ойындарына арналған би қимылдары: «ат шабыс» түрлері, «күрес», «малдас құру». Қазақтың ұлттық әдет-ғұрпымен байланысты би қимылдары: «ұршық», «киіз басу». Би қимылдарын көрсету, үйрету. Балалар, енді көңілімізді көтеру үшін қазақтың ұлттық	Балалардың жауаптары

	<p>ойыны «Қыз кууды» ойнайық. /Музыка ыргағымен «Қыз куу» ойыны ойналады/ Қорытынды: Балалар, сендер қазақ халық билері туралы не түсіндіңдер? Сендерге би қимылдарын үйрену қиын болған жоқ па? Жетекші: балаларға алғысын айтып, балалар тәжімет жасап қоштасады.</p>	
Жетекші жөндеуші	<p>Іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес қорытынды сұрақтар қою, сабаққа белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Қозғалыс координациясын, бидің әртүрлі әдіс-тәсілдерін, қалып –тарын, қазақ билерінің ұлттық колоритін, ерекшеліктерін білуі қажет.

Қалыптасқан түсінік: Балалар дене қимылдарын еркін қолданады.

Мерзімі: Ақпан 6,13,20,27

Білім саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Билеп үйренеміз

Тақырыбы: Музыкалық-дидактикалық ойындар. «Өз түсінді тап», «Әнші бала», «Тайтұяқ пен асатұяқ», «Көлеңке».

Мақсаты: Музыкалық-дидактикалық ойындарды байсалды, асықпай және көңілді, шаттанған көңілді жеткізуге талпындыру. Балалардың ой-өрісін, есте сақтау, қабылдау, орындаушылық қабілеттерін арттыру және де музыкаға деген қызығушылықтарын ояту.

Іс-әрекет кезеңдері	Жетекшінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ой қозғаушы Ұйымдастырушы іс-әрекет	<p>Тәжімет. 4 қатарға сапқа тұру. Қол, аяқ қалыптарына жаттығу.</p> <p>«Өз түсінді тап».</p> <p>Балалар шеңбер жасап тұрады. Әрқайсысының қолында әр түсті лента немесе орамал. Балалар музыка ырғағымен қолдарын жоғары, төмен бұлғап, асықпай жүреді. Бір түсті лентасы /орамалы/ бар балалар өз түстерін тауып, жұптасады да қолдарын жоғары-төмен бұлғап, жеңіл айналады. /бірде оң жағына, бірде сол жағына/.</p> <p>Ескерту: лента немесе орамалдың үш-төрт түсі болу керек. Бір түсті лентаның не орамалдың саны жұп болуға тиіс.</p> <p>«Әнші бала».</p> <p>Балалар екі топқа бөлініп, орындарына отырады. Кімнің ән салғанын шешу үшін әр топтан бір баладан кезекпен шығып, балаларға теріс қарап тұрады. «Ля- ля- лай» буындарына қарама- қарсы топтың бір баласы тәрбиешінің нұсқауы бойынша әндетеді. Егер де бала ән салушыны дауысынан таныса, оның тобына ұпай беріледі. Ойын жалғасады.</p> <p>«Тайтұяқ пен асатаяқ».</p> <p>Әннің бірінші шумағына балалар бірінің артына бірі тұрып, шеңбер жасап, әннің мазмұнына сәйкес көңілді би</p>	Балалар жаттығулар орындайды.

	<p>кимылдарын жасайды. Ортадағы жүргізуші «сырт-сырт-сырт» сөздеріне асатаяқта ойнайды. Соңғы такт ойналғанда балалар сырт айналып тұрады. Жүргізуші әннің мәтіні бойынша аспаптардың біреуінде ойнайды да, бір баладан оны атауды сұрайды. Тапқан бала ортаға шығып жүргізуші болады. Әсем ырғақ толқыны, еске салса шолпыны, Ойнап тұрған қолдағы асатаяқ болғаны. Құлақ тосып тұр тындап, дыбыс шықса сыртылдап. Ойнап тұрған қолдағы тайтұяқтың болғаны. Сырт- сырт- сырт! Сырт-сырт- сырт!</p>	
Жетекші жөндеуші	<p>Іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес қорытынды сұрақтар қою, сабаққа белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Ойындарды байсалды, асықпай және көңілді ойнаулары қажет.

Қалыптасқан түсінік: Балалар ойын түрлерін еркін ойнайды.

Мерзімі: Наурыз 5,12,19,26

Білім саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Билеп үйренеміз

Тақырыбы: «Айгөлек».

- Мақсаты: «Айгөлек» халық биінің сипатымен мазмұнын түсіндіру. Би қимылының таза орындалуының «Айгөлек» әнінің сөзін дұрыс тыңдап музыкаға еріп отыру би қимылын қалыптастыру. Жаңа би қимылдарын есте сақтай отырып, жүріс тастілері арқылы би қимылдарын үйрету. Бала бойына музыкалық тәрбие мен қатар би ерекшеліктерін өнер тілімен жеткізу.

Іс-әрекет кезеңдері	Жетекшінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ой қозғаушы	Бидің негізгі қимылдары: I. Бірғақты жүріс.	Балалар жаттығулар орындайды.
Ұйымдастырушы іс-әрекет	<p>1-такт. «Бір» дегенде- оң аяқпен алға шағын бір қадам жасалып, «екі» дегенде-қадамдаған оң аяқ серпіліңкіремей, сәл бүгіледі.</p> <p>2-такт. «Бір» дегенде-сол аяқпен алға қадам жасалады: осы кезде бүгілген оң аяқтың тізесі серпіле жазылады. «Екі» дегенде-қадам жасалған сол аяқтың тізесі серпіліңкіремей, аздап бүгіледі. Келесі тактіде оң аяқпен қадам жасалып, бүгілген сол аяқтың тізесі серпіле жазылады. Сөйтіп, ырғақты жүріс екі аяқпен кезек орындалады; тізені серпіңкіремей бүгіп-жазу арқылы, бос тұрған денені аздап сілкілдіңкіреп, ырғақты қадаммен жүріп отыру керек. ырғақты жүріс қимылын алға, артқа, екі жаққа, айналып жүріп те орындауға болады.</p> <p>II. Сырнай, секірмелі жүріс.</p> <p>1-такт. «Бір» дегенде-тізені аздап бүгіп., алға оң аяқпен қадам жасалады.</p> <p>2-такт. «Екі» дегенде қадам жасалған аяқпен сәл алға қарай сырғанай (екпінді) секіреді.</p> <p>3-такт. Қимыл сол аяқпен орындалады. Секірмелі жүріс бір орында тұрып та, екпіндей алға жүріп те, бір орында оңға немесе солға айналып та орындалады.</p> <p>III. Ауыспалы жүріс.</p> <p>1-такт. «Бір» дегенде-оң аяқпен шағын бір қадам алға басылады, «Және» дегенде сол аяқтың ұшымен басып оң аяқтың жанына қойылады.</p> <p>«Екі» дегенде-оң аяқпен алға тағы да шағын қадам жасалады. Және» дегенде-кідіріс жасалады. Келесі тактіде қимыл сол аяқтан бастап орындалады. Аяқтардың қимылы мен бірге қолдардың</p>	

	<p>буындарын айналдыра кимыл жасалады. Әр тактіге бір рет қол шалақтау. Қолдың білегін айналдыру. Алғашқы қалпы: екі қолды екі жаққа жая, нықтың тұсына көтере ұстау.</p> <p>1-такт. «Бір» дегенде-оң қолдың алақанын жоғары қаратып, басынан асыра нығының үстіне көтереді, «және» дегенде-қолдың білегін өзіне қарай бүгіп, шынашақ саусағына қарай айналдырып, «екі» дегенде-алақанды жоғары қаратып, қолдың білегін айналдырумен бітіреді. Келесі, 2-тактыде «қолдың білегін айналдыру» сол қолмен орындалады. Оң қол нықтың тұсына түсіріледі. Биге 8,10,12 ұл қыздар жұбы қатысады. Бидің құрылысы: Балалар қол ұстасып, қыздар ұлдардың оң жағында тұрады.</p> <p>I-бөлшек.</p> <p>8-такт. Қатысушылар шеңбер жасап, бірінші кимылмен оңға қарай 8 кадам (серпінді, ырғақты жүріс) жасады.</p> <p>II-бөлшек.</p> <p>8-такт. Балалар тағы да ырғақты жүріспен шеңбер жасап, солға қарай жүреді.</p> <p>III-бөлшек.</p> <p>8-такт. Қыздар ауыспалы жүрісті 8 рет орындап, ұлдарды айналып шығады. Әр ауыспалы жүрісте қолдарымен кезекпен-кезек бесінші кимылды жасайды.</p> <p>Ұлдар қолдарымен қолынан ұстап, бір орында тұрып, екінші (секіргелі) жүрісті 8 рет орындайды.</p> <p>IV-бөлшек.</p> <p>4-такт. Балалардың әрқайсысы екі рет қолдарымен шапалақ жасап, екі жағында тұрғандармен екі рет алақан соғыстырады.</p> <p>5-такт. Жұп болып тұрған жерлерінде 4 рет ауыспалы жүріспен оңға қарай бір шеңбер жасап шығады да, қайтадан қол ұстасып, үлкен шеңбер құрып тұрады. Одан әрі би толығымен, солға қарай жүріп орындалады. Тек III бөлшекте ұлдар секіртпелі жүріспен қыздарды айналып шығады. Қыздар бір орнында тұрып, 4 ауыспалы жүріспен шеңберді айналып, 4 рет қолдарын жоғары көтеріп, білектерін айналдырады. Жетекшілер балалар -дың қабылдау мүмкіншіліктеріне қарай биді ары қарай дамытуы мүмкін.</p>	
<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>Іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес қорытынды сұрақтар қою. Биді музыкамен қайталатып, мадақтап бағалау және</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

	ынталандыру.	
--	--------------	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Би қимылдарын байсалды, асықпай және көңілді орындаулары қажет.

Қалыптасқан түсінік: Балалар би қимылдарын еркін орындайды.